



CALIFORNIA QAZAQ COMMUNITY GAZETTE



Issue #0

January 31, 2021

Жаңа жыл және жаңа үміт

Жаңа жыл басталғалы бері көп нәрсе өзгерді, ал кей нәрселер өзгеріссіз қалды. Біздің президентіміз ауысты, бірақ COVID-19 әлі бізден ажыраған жоқ. Біз әлі де ұйымдастыру үдерісіндеміз және бізге Лос-Анджелестегі және одан тысқары жерлердегі қазақ қауымдастығы үлкен әрекеттестік пен қызығушылық білдіріп отыр. Біз бүгінгі жетістіктерімізге қуаныштымыз және әлі күнге дейін жұрттың басын біріктіретін іс-шаралар өткізе алмасақ та, біз оларды ұйымдастыруға жоспар құруды жалғастыра береміз.

Бұл COVID-19 пандемиясы бізге ауыр тиді және бәріміз онымен күресудеміз. Көпшілігіміз осы қорқынышты вирусты жұқтырған немесе оның салдарынан тікелей зардап шеккен адамдарды білеміз. Кейбір адамдар ата-анасынан немесе басқа отбасы мүшелерінен айырылды. Қазіргі уақытта бұл коронавирустың қатерлі дерт екені және оған байыппен қарау қажет екендігі бәрімізге белгілі. Бұл дерттің адамдардың денсаулығына және өміріне қаншалықты әсер еткендігі көңіл қынжылтады. Бизнеске кері әсерін тигізуде, ал жастар мектеп пен колледжге вебинарлар арқылы баруға мәжбүр. Кейде біз өмір қайта қалпына келер ме; жақын болашақта басымыздан кешіп жатқан бұл жағдай жаңа «қалыпты жағдайға» айналып кетер ме деп ойланамыз.

Жағымдысы, COVID-19 пандемиясы іс жүзінде күтпеген пайдаға да әкелді. Мысалы, магистральдардағы кептеліс әлдеқайда азайды, демек, көптеген адамдар күн сайын жұмысқа баруға және одан қайтуға екі сағат уақытын кетірмейді. Сонымен қатар, жолдарда көлік құралдары қозғалысының азаюы атмосфераның айтарлықтай азырақ ластануына себеп болды. Екінші жағынан, үйде жұмыс істеу кейде біреулердің есін шығарып жіберуі де мүмкін екендігі рас.

Пандемия біздің көптеген жобаларымызды тежеп, жоспарланған кейбір іс-шараларды тоқтатуға итермелегеніне қарамастан, ол біздің орталықтың жұмысын әрі қарай жалғастыруына кедергі болмады. Сізді қазақтарды жинауға және қазақ мәдениеті мен тілін Лос-Анджелес аймағында тұратын адамдардың арасында насихаттауға деген қызығушылығыңызды жоғары бағалаймыз. Біздің волонтерлер орталықтың өсуіне септігін тигізу үшін өз уақыттарын, күш-жігері мен идеяларын аса жомарттықпен ұсынып келеді.

A New Year and New Hopes

As we begin the New Year, many things have changed, while many others remain the same. We have a new president, but COVID-19 is still with us. We are still in the process of organizing, and we are getting a lot of cooperation and interest from the Qazaq community in Los Angeles, and far beyond. We are pleased with our progress to-date, and although we cannot yet hold events that bring people together, we continue to make plans for such occasions.

This COVID-19 pandemic is serious, and we are all in this together, dealing with it. Many of us know people who have been either infected or directly affected by this terrible virus. Some people have lost parents or other family members. By now, we all know that this coronavirus is a dangerous sickness that needs to be taken seriously. It is terribly unfortunate how much it has affected people's health and the way that people live their lives. Businesses are adversely impacted while young people are forced to attend school and college through webinars. Some days we wonder if life will ever return to normal; if this situation we have been living through going to become the new normal for the foreseeable future?

On the positive side of things, the COVID-19 pandemic has actually resulted in some unforeseen related benefits. For example, the freeways are far less congested, which means that many people are not spending two hours commuting to/from work every day. And, less vehicle traffic on the roads has resulted in significantly less air pollution. On the other hand, working from home can drive one out of one's mind at times.

In spite of how the pandemic has interfered with many of our projects and forced the cancelation of some planned events, it has not stopped our Center from continuing to operate and conduct our affairs. We appreciate your interest in gathering Qazaq people together and keeping Qazaq culture and language in the lives of our people who live in the Los Angeles area. Our volunteers have been generously contributing their time, efforts and ideas to help make the Center grow.

Біз қазақ тілінің қаншалықты керемет әрі құдіретті екендігімен мақтанамыз. Осы себепті біз жас буынның Лос-Анджелесте тұрып жатса да, ана тілін түсініп, сол тілде сөйлей білгенін қалаймыз. Осыны жүзеге асыру үшін біз алты мен он төрт жас аралығындағы балаларға арналған қазақ тілі сабақтарын бастаймыз. Сіздің балаларыңыз біздің қатарымызға қосылады деген үміттеміз. Біз Қазақстанда осы істі жүзеге асыру үшін жеке бағдарлама жасап шығардық. Сабақтар Қазақстанның тілі мен мәдениетін үйренудің әртүрлі аспектілеріне бағытталған.

Сонымен қатар, алдағы уақытта біздің орталық түрлі бағыттар бойынша балаларыңызға арналған шығармашылық сабақтар өткізгісі келеді. Қазіргі уақытта еріктілер мен орталықтың кейбір мүшелері музыка, спорт және қазақ мәдениетінің тарихы сияқты әр түрлі тақырыптарға арналған бағдарламалар жасау үшін аянбай еңбек етуде.

Қазақстанның жалпы жаңалықтары:

Біз де өз туған жеріміздің жаңалықтарын мұқият бақылап отырамыз. Қазақстанда COVID-19 дертіне шалдыққандар саны 2021 жылдың 3 қаңтарына қарағанда 157 579 жетті. Елімізде коронавирусты жұқтырғандар саны бойынша ең үлкен көрсеткішті Шығыс Қазақстан облысы мен Алматы қаласы көрсетіп отыр – сәйкесінше 19 мың және 18,8 мың адам. Олардан кейінгі орында 18,7 мыңнан астам вирус жұқтырғандар анықталған Нұр-Сұлтан қаласы орналасқан.

Алдағы шаралар:

Біздің орталық өз мүшелерін наурыз айында Наурыз мейрамын атап өтуге арналған ашық аспан астындағы отырысқа шақыруды жоспарлап отыр. Бұл іс-шара адамдарға мерекелік көңіл-күй сыйлайтын қазақ мәдениетінің дәстүрлерімен байланысты әр түрлі шараларды қамтитын болады. Бұл Лос-Анджелес округінде тұратын қазақтардың басын қосу үшін тамаша мүмкіндік болады.

Бізбен www.qazaq-us.com сайты немесе californiaqazaqcenter@gmail.com электрондық поштасы арқылы байланыса аласыздар.

We are proud of how the Qazaq language being is so magnificent and powerful. For this reason, we want our younger generation to be able to understand and speak their mother language, even though they live in Los Angeles. To make this happen, we are starting Qazaq language classes for children between six and fourteen years old. We hope you will have your children join us. We have developed an individual program in Kazakhstan, especially for this activity. Classes focus on different aspects of learning the language and culture of Kazakhstan.

In addition, moving forward our Center wants to offer creative classes in different areas of interests for your children. Volunteers and some center members are currently working hard to create programs for more classes on various subjects such as music, sports, and Qazaq cultural history.

Kazakhstan General New:

We have also been closely following the news of our homeland. The number of COVID-19 cases in Kazakhstan as of January 3, 2021, had reached 157,579 people. The East Kazakhstan region and Almaty have the largest number of people infected with coronavirus in the country - about 19 thousand and 18.8 thousand, respectively. Close behind is the capital Nur-Sultan, with more than 18.7 thousand sick with the virus.

Coming Events:

Our center is planning to invite its members to a picnic for the Nauruz celebration in March. That event will involve a variety of activities associated with the traditions of the Qazaq culture that are designed to get people into the atmosphere of the holiday. It will be a great opportunity for all of us to get together with fellow Qazaq people living in LA County.

Visit us at our web page www.qazaq-us.com or contact us at californiaqazaqcenter@gmail.com



Нарын

- Ұн – 300 грамм
- Жұмыртқа – 1 дана
- Су – 80 миллилитр
- Тұз – 4,5 шай қасық
- Сұйық май – 80 миллилитр
- Ет (сиыр немесе қой еті) – 600 грамм
- Ұсақ қара бұрыш – 1 шай қасық
- Зірә – 1 шай қасық

Naryn

- Flour - 300 grams
- Egg - 1 piece
- Water - 80 milliliters
- Salt - 4.5 teaspoons
- Oil - 80 milliliters
- Meat (beef or lamb) - 600 grams
- Ground black pepper - 1 teaspoon
- Zira - 1 teaspoon



Бағыттар

• 1-қадам

Ең алдымен, нарынға арналған етті қайнатып аламыз. 2 литр суды қазанға құйып, қайнатамыз. Суға 2 шай қасық тұз қосамыз. 600 грамм сиыр немесе қой етінің жұмсағын суға саламыз. Бір жарым сағат бойы етті баяу қайнатып пісіреміз. Қайнату уақыты етіңізге байланысты өзгеруі мүмкін. Бұл – нарынды әзірлеудің ең оңай жолы. Етті алдын-ала тұздап, кептіріп, содан кейін қайнатсаңыз да болады, бірақ бұл жайында келесі жолы толығырақ бөлісерміз. Піскен етті түсіріп алып, суыту үшін табаққа салып қойыңыз.

• 2-қадам

Енді нарынның қамырын жасайық. 80 мл суды табаққа құйып, жарты шай қасық тұз бен бір жұмыртқа қосыңыз. Табаққа 300 гр ұн салыңыз. Баяу араластыра отырып, су мен ұнды қосыңыз. Қамырды қаттырақ етіп илеңіз. Қамырды қолыңызбен илеп алып, оны дөңгелендіріңіз. Бетін ыдыспен жауып, бір сағатқа қойып кетіңіз. Қамырды қолмен немесе илегішпен илеуіңізге болады. Бір сағаттан кейін қамырды қалыңдығы 2-3 миллиметр болатындай етіп жайыңыз. Өлшемі шамамен 10x20 сантиметр болатындай төртбұрыштап кесіңіз. Қазанға 4 литр су құйып, қайнатыңыз. Екі шай қасық тұз салыңыз. Қамырдың бірінші қабатын саламыз. Қамыр бетіне көтерілгеннен кейін тағы 10-15 секунд пісіріп, ас үй сүлгісіне жайып қойыңыз.

• 3-қадам

Біз қамырдың келесі қабатын саламыз. Ол қайнап жатқан кезде алдыңғы қабат біраз суып қалады, ақырындап оны сүлгінің бетіне жайып қоямыз. Осылайша, біз қамырдың барлық қабатын пісіріп, жайып аламыз. Қамырдың жылтырағаны көрінбей қалғанша оны кептіреміз. Тақтайды майлап қоямыз. Бізге жалпы 80 миллилитр май қажет. Сіз өз қалауыңызша кез келген майды қолдана аласыз. Дәмін келтіру үшін майды көбірек жағуға болады. Қамырдың бір қабатын тақтайға жайыңыз. Қамырды маймен сылаңыз. Оның кезекті қабатын жайып, оны да майлаймыз.

Directions

• Step 1

First of all, we boil the meat for the naryn. Pour 2 liters of water into a saucepan, bring to a boil. Salt the water with 2 teaspoons of salt. Put 600 grams of beef or lamb pulp. Cook the meat over low heat with a constant boil for about an hour and a half. The cooking time depends on the meat you are using. This is the easiest way to cook naryn. You can marinate the meat, you can dry it and then boil it, but more on that another time. Put the finished meat on a plate and let cool.

• Step 2

Let's make dough for naryn. Pour 80 ml of water into a bowl, add half a teaspoon of salt and one egg. Mix everything well. Pour 300 g flour into a bowl. While stirring at low speed, add water and egg. Knead a tough dough. Hang the dough lightly with your hands and roll it into a ball. Cover with a bowl and let sit for about an hour. This dough can be kneaded by hand or using a kneader. After an hour roll out the dough into a layer 2-3 milliliters thick. Cut into rectangles about 10x20 centimeters in size. Pour 4 liters of water into a saucepan, bring to a boil. Add two teaspoons of salt. We lay the first layer of dough. The layer has floated to the surface, cook for another 10-15 seconds, and put on a kitchen towel.

• Step 3

We lay the next layer of dough. While it is boiling, the previous layer has cooled down a little, gently lay it out on a towel. Thus, we cook and lay out all the prepared layers of dough. Let the dough dry out so that the shine disappears. Lubricate the cutting board with vegetable oil. In total, we need 80 milliliters of vegetable oil. You can use any vegetable oil of your choice. More vegetable oil can be added to taste. Put a layer of dough on the butter board. Lubricate the dough with vegetable oil. Another layer of dough on it, we also grease it with oil.

• 4-қадам

5-6 қабат жасап болған соң, ұзындығы 20 см, ені 3 см болатын кеспе тураймыз. Оны қалыңдығы 2-3 миллиметр болатындай жіңішке кесінді етіп тураған жөн. Нарынға арналған кесілген кеспені табаққа

• 5-қадам

Тәрелкеге салыңыз. Нарынның бетіне майда туралған пияз бен ұнтақталған қара бұрыш қосып, қайнатылған ет тіліктерімен әрлеңіз. Нарынды салқындатылған тіскебасар ретінде немесе ет сорпаға не шурпаға қосымша тағам ретінде ұсыныңыз

• Step 4

We make 5-6 layers and cut the ribbons 20 cm long and 3 cm wide. Cut into thin strips, 2-3 millimeters thick. Put the chopped noodles for naryn in a bowl. We also cut the cooled meat into thin strips. Add to the test. Pepper with one teaspoon of ground black pepper, add one teaspoon of coarsely ground cumin. Mix well.

• Step 5

Put it on a dish. On top of the Naryn place thinly chopped onion seasoned with black ground pepper and decorate with pieces of boiled meat or goat. Naryn serve as a cold appetizer or as a side dish for broth or shurpa.

Ұлт

Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин (1841 – 1889) Кеңестік кезеңге дейінгі қазақ тарихында орын алған ұлы тұлға. Ол XIX ғасырдың аяғында Ресейдің Қазақстанда отарлау саясаты мен мәдени ықпалын жүргізу кезеңіндегі ең көрнекті қазақ ағартушысы болды.

Ол қазақ тіліне кириллица әліпбиін енгізгендігімен танылды және батыстық үлгіде білім берудің жақтаушысы болған. Алайда ол орыс емес қазақтарға православиелік ілімдерді оқытуға қарсы болған, бірақ, онымен қоса, ресейлік және батыс ықпалының пайдасын ойлап, татар тілі мен мәдениетінен оқшаулануға шақырды. Ұстаз ретінде ол көптеген қазақ-орыс мектеп-интернаттарын, техникумдар мен қыздар мектептерін ашты. Алтынсарин, сондай-ақ, қазақ грамматикасы бойынша тұңғыш оқулықты, ең алғашқы қазақ-орыс газетін жарыққа шығарған және көптеген оқулықтар мен анықтамалық кітаптарды аударған. Ресей Империясының үкіметі оны көптеген марапаттармен, оның ішінде Мемлекеттік кеңесші атағымен марапаттаған.

Балғожа бидің баласына жазған хаты

Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жаныңа жәрдем берсін құдайтағалам;
Атаң мұнда анаңмен есен - аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Сабаққа көңіл бөлсең басыларсың;

Ата - анаң өнер білсең асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң аһ ұрарсың.
Шырағым, мұнда жүрсең нетер едің?
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен не мұратқа жетер едің.

The Nation

Ybyrai (Ibrahim) Altynsarin (1841 - 1889) was a major figure in pre-Soviet Kazakh history. He was the most prominent Kazakh educator of the late 19th century, during the period of Russian colonization and cultural influence in Kazakhstan.

He is best known for introducing the Cyrillic alphabet for the Kazakh language and was a proponent of Western-style teaching. However, he opposed the teaching of Orthodox doctrines to non-Russian Kazakhs, but at the same time called for resistance to the Tatar language and culture in favor of Russian and Western influences. As a teacher, he opened numerous Kazakh-Russian boarding schools, technical schools and girls' schools.

Altynsarin is also credited with creating the first textbook on Kazakh grammar, the first Kazakh-Russian newspaper, and translating many textbooks and reference books. The imperial government of Russia has honored him with numerous awards, including the title of State Councillor.

Balgozha's letter to his son

*The light of my hopeful eyes, my child,
May God help you;
Your grandfather and mother are here,
Hello to you today!
You are in a hurry to miss your
grandfather,
If you focus on the lesson, you start;*

*If your parents know the art, you can,
If you are ignorant, you sigh.
Honey, what would you do if you were
here?
You would get a towel.
He wanders between the two villages
What would you achieve if you
walked?*

Салт

Үйлену салты

Қазақтың үйлену салты құда түсуден басталып, алғашқы үйлену түнінен кейін де жалғасын табатын бірнеше ғұрыптар жиынтығынан тұрады – сондай-ақ, көптеген дәстүрлер мен жазылмаған ережелер де бар. Үйлену тойы келесідей қадамдардан тұрады: *Сөз байласу (қыз айттыру)* – бұрынғы заманда (тіпті, бүгінде де кейбір отбасыларда) ата-анасы ұлы үйленетін жасқа жеткенге дейін үйленетін қыз іздеуді бастаған. Олар ауыл-ауылды аралап, сыйлы отбасылармен кездесіп, болашақ келіндерінің ата-бабалары мен шыққан тегін сұрастырып білген. Сай келетін қыз тапқан кезде оның ата-анасына қызын айттыруға ниет білдірген.

Айттыру (құда түсу) – құдалық күрделенген салт болған және ол бірнеше кезеңдерді қамтыған. Бірінші айттырушы, «жаушы» деп аталып, қыздың әкесіне келіп, құдаласуға ұсыныс жасайды. Әкесі рұқсатын берсе, айттырушы жылқысын берген. Оның есесіне қыздың әкесі айттырушыға арнайы шапан сыйлаған. Содан кейін құдалық басталған.

Алғашқы кездесу (қынаменде, ұрын келу немесе қыз қашар) – құдалықтың артынша болашақ күйеу бала өзінің келешек жарымен ең алғаш рет кездесе алады.

Қалыңдықтың үйіндегі той (ұзату той) – белгіленген күні қалыңдықтың әкесінің үйінде аталмыш «келіншектің тойы» өткізіледі. Осы кезде қалыңдық басына өте бағалы қалыңдық бас киімін (сәукеле) киіп, «сәукеле кигізу» атты рәсімін өткізеді. Бұл рәсім қалыңдықты жаңа отбасыға жіберуге дайындық ретінде ұйымдастырылады: оның жасауын көрсету, той киіз үйін бұзып тастау және көшуге арналған барлық заттарды жинастыру. Онда, сонымен қатар, сыйлық алмасумен бірге жүретін кіші кәделер де болады.

Күйеу баланың үйіндегі той (келін түсіру) – қалыңдықтың керуені ауылға келіп жеткен кезде қалыңдық сол жердің қыздары жұрттың алдына ертіп әкелу үшін күйеу баланың үйінен алысырақ жерде қалатын болған. Келе жатқан жолда қалыңдыққа «шашу» (тәттілер мен тиындар) шашылады. Ол үйдің табалдырығын оң аяқпен аттап және сәукелесі (бас киімі) жерге тиетіндей етіп еңкейіп өтуге тиіс болатын. Одан кейін қалыңдықтың бетін барша жиналған қауымға көрсету үшін беташар салты жасалды.

Culture

Wedding Traditions

Kazakh wedding traditions consist of an extensive series of rituals - starting with matchmaking and continuing even after the first wedding night - as well as many customs and unwritten rules. Wedding goes with following steps:

Collusion (kыз aittyru)- In old times (and even today in some communities), parents started looking for a bride for their son long before he reached marriageable age. They travelled through the villages, met respected families, and learned about potential brides' ancestry and background. If they found a suitable girl, they expressed to her parents the desire to match-make.

Matchmaking (kuda tusu)- The matchmaking process was complicated and involved several stages. The first matchmaker, called "zhaushy", approached the girl's father and offered to facilitate a union. If the father gave his consent, the matchmaker gave him a horse. In return, the girl's father gave a special robe (shapan) to the matchmaker. Then, the main matchmaking took place (kuda tusu).

First meeting (kynamende, uryн kелu, or kыз kashar)- Following the matchmaking process, the future bridegroom could visit the future bride for the first time.

Wedding at the bride's house (uzatu toi)- On the appointed day, the so-called "bride's wedding" took place at the bride's father's house. At this time, the bride held a ceremony called "saukele kigizu", for which she was wore a bridal headdress (saukele) that could cost a fortune. The ceremony focused on preparing for the bride's departure to her new family: showing her dowry, dismantling the wedding yurt, and collecting everything needed for the move. There were also many small rites that were accompanied by the exchange of gifts.

Wedding at the groom's house (kelin tusiru)- When the bride's caravan arrived in the village, she was left at some distance from the groom's house to walk there accompanied by local girls with everyone able to see her. Along the way, the bride was showered with "shashu" (sweets and coins). She was supposed to cross the threshold of the house with her right foot and with a bow so that her saukele (headdress) would practically touch the ground. Then the betashar rite was held, which involved the bride showing her face to all the guests.





California Qazaq Center

Monthly Calendar

Our California Qazaq Center provides its members with Qazaq culture and language classes for children starting age 6. These classes help to keep Qazaq culture and language in people who live in Los Angeles. The Center also has sport classes like boxing and Brazilian Ju-Jitsu. Our center is a great way to interact and meet with fellow Qazaq people living in LA County. Come and join our center.

CLASS SCHEDULE FOR PERIOD: February, 2021

February 6, 2021

**Every Saturday
11:00AM-2:00PM**

**Qazaq Language for
Children starting age of 6**
Includes:

Grammar, Speech Patterns, Thematic
Vocabulary, Interactive Games and Qazaq
Songs.

**3639 Foothill Blvd, Suit
201, Glendale,
California 91214**

**February 13, 2021
1:00PM-2:00PM**

Realtors' Presentation
Juliet Tunyan
Specialist in serving clients who are looking
to buy or sell property in LA.

**3639 Foothill Blvd, Suit
201, Glendale,
California 91214**

We plan to have presentations by Bankers, Realtors, CPAs and Lawyers on different matters that interest our members. Our purpose is to provide general direction which members can follow and compete with professional help afterwards.